



«ӨЗГЕҢІ  
ҚҰЛЫ ЕМЕС,  
ӨЗ ЕЛІННІң  
ҰЛЫ БОЛ»

4-бет



ТАМШЫЛАР  
КҮНӘНІ  
ЖУМАЙДЫ

8-бет

[zangazel@mail.ru](mailto:zangazel@mail.ru)



№70 (3601) 19 қыркүйек 2023

# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## КАТАЛ УКІМ: ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЛАНЫң АРАЖІГІН ҚАЛАЙ АНЬҚТАЙМЫЗ?



Елімізде балаларға қатысты зорлықта жазаны күшайтетін заң әзірленді. Бұған әрине, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауында берген тапсырмасы негіз болғаны даусыз.

(Соңы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Серік ЕРҒАЛИ, мәдениеттанушы:

ҚАЗАҚТЫҢ  
МӘДЕНИЕТІ  
МЕН ӨНЕРІ  
ЖЕТКІЛПТІ  
ЗЕРТЕЛМЕЙ  
ЖАТЬР

— Әлеуметтік желілерде ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарында да үлттық ойын, үлттық спорт, үлттық өнер, үлттық аспап, үлттық тағам және тағы басқалар туралы сез болған кезде «мынау тек бізде ғана бар ма?» деген құдік пайда болуда. Жалпы, үлттық деп нені айтуда болады?

— Мұндай сұрақты қою негізінен қысынға келмейді. Себебі, қазақ деген халық үлт ретінде 4-5 ғасырдан бері белгілі. Бірақ этнос ретінде қалыптасу жолы бірнеше мыңжылдықты қамтиды. Соның 4-5 ғасырда мынаны шығардық деп айтуда қызын. Қазақ үлттық қалыптасқаннан бергі «Қызы Жібек», «Еңілік-Жібек» дастандары сияқты рухани өнімдер бар. Бұлар қазақша ғана тән туындылар.

Үлттық ойын, үлттық спорт деген сан ғасыр бойы қалыптасады. Мысалы қазір көкпардың аты мен затына қазақ пен қырғыз таласып жүр. Ол таласуға түрмайды. Әйткені, ол Ауғанстанда да бірнеше ғасырдан бері бар ойын өнері. Оны біз қалай қазаққа не қырғызаға ғана тели аламыз? Сол сияқты, тоғызықұмалақты қазақтың үлттық спорты дейді. Оны қарақалпақтар да, алтайлар да, тағы басқа да түркі халықтарыңың біразы ойнайды. Оған таласу, қазақша ғана телу дұрыс емес. Әделі жан-жақты зерттеу керек. Бізде сіз атаған бұл сала зерттеудіс жатыр.

Қазір көкпарды қырғыздар көкбөрі дейді. Көкпар, көкбөрі деген сөздің бері бертін келе пайда болған сез. ХХ ғасырдың соңынан қарай түркілердің Ашина, көкбөрі туралы ұғымы жайылған кезінде соған икемеді қалыптасы. Әйтпесе, мен «Манасты» қарадым, көкпар, көкбөрі деген ешқандай сез жоқ. Оны қырғыздар ұлақтардың атайды, яғни лақ тарту дейді. Ұлақтарды Шыңғыс Айтматов орысша «козлодрания» деп «Қош бол, Гүлсары» деген повесінде жазды. Көкбөрі деген атауды Айтматовтың білмейі мүмкін емес, болғанда көкбөрі деген жазар еді және оны ашып кеттер еді.

Бізде қазір не болса соны әркім өз мұддесіне тарту, бұрмалау болып жатыр. Көкпар сезі үндестік заңымен көкбөрі бола алады, ал керісінше көкбөрі көкпарға айналмас еді. Демек, «көкпар» атауы ежелден келді. Көкпар болып сакталып келген себебі, бұл сез көктің, аспанның жыртысы дегенді білдіреді. Аспанның бір бөлшегі деген сез. Яғни, көкпар сезі ежелгі аса сакралдық ғұрыптың бір жұрнағы ретінде бұрмаланбай келген. Көкпар ғұрып ретінде ежелгі идеологиялық тартыстан, күн мен түннің тартысынан шықты. Серкені бауыздау, мұйызды малды құрбан ету – Күннің құрметіне тұнді құрбан етудің нышаны.

(Соңы 5-бетте)

МЕЖЕ

## ӘКІМДІ САЙЛАУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

14 қыркүйек күні Орталық сайлау комиссиясының, отырысында 17 облыстың мәслихаттары пилоттық режимде сайлау өткізу үшін 45 аудан мен облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін бекітті. Ал аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау 5 қарашаға белгіленді.

Мәселе шешімі бір шаблонға сыймайтын, менталитетті шақырым сайын өзгерер, ұлан-ғайыр жері бар мемлекетті бір орталықтан басқару жақсылыққа алып келмейтінін еткен оқигалар тізбегі анық көрсеткендей. Мажоритарлық сайлау жүйесі (көпшілік дауысы) арқылы әр ауыл, аудан, қала басшыларын тағайында, болашақ стратегиялық жоспарлар үшін өте маңызды. Әлемдік жағдай және Қазақстанның хал-ахуалы жайлы сарапшылар пікірі екідейді.

Әкімнің аты дардай,  
заты жүрдай

Әнірлерді қарасақ аудан әкімдерінің дәр-

менсіздігін жиі байқаймыз. Әрине, неге деген сауал туындары анық. Сауалымызға Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан жауап берді.

«Әкімдердің қолында бюджетті жоқ, тиисті деңгейде аудан аумағында әлеуметтік салаларға (білім, деңсаулық), коммуналдық шаруашылықта құзыреті жүрмейді. Бәрі аудан әкіміне мәлім, алайда ауыл шаруашылығы саласына да түрлі ғұлактан ағып келетін субсидияларды, өзге қаржы-қаражаттың қарастыруға да қауқарсыз. Әнірде халық таудай тауқыметін арқалап аудан әкімдігіне барады. Ал қолындағы билігінің аты дардай болғанымен, заты жүрдай басшының халық алдындағы абырай-беделі де белгілі. Ауылдық округ-

тердің әкімдері туралы мүлде сез қозғамай-ак қоялық. Ал кешегі дәүірде ауданың бірінші хатшыларының даңқы неге дүрледі? Себебі, қолында билігі, қаражаты болды. Кез келген мәселелеге өздері тікелей арапасатын. Елдің бетіне тік қарай алатын», – дейді.

Атальмың саяси шара вз нәтижесін бере меген сауалға Жанарбек Әшімжан «Мемлекет басшысының күні кеше Қазақстан халқына бағыттаған жолдауында «Аудан әкімдерінің жергілікті бюджетті басқару құрығын берген жөн деген санаймын. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет» дегені аймақтағылардың үмітін оятып дегіл жауап қатты.

Әрине, ел Президенті аймақтарға қатысты саяссата маңызды реформалар жүргізуі 2020 жылға қолға алуды тапсырыған еді. Соның нәтижесінде әкімдерді тікелей сайлау жүйесі енгізіліп, әкімшілік реформа қолға алынды. Тіпті, алғаш еткен жергілікті ауыл әкімдерін сайлау үдерісі де оң нәтиже көрсеткенін байқады.

Үміткерлерге қойылар талап қандай?

Ал көпшілік күткен сайлау барысы қалай өтпек, сол тұрасын саралап өтсек. ОСК оты-

рысында сайлауға қатысты күн тәртібінде 5 мәселе көтерілді. Отрыстың бірінші мәселе – сайлауды дайындау және өткізу күнтізбелік жоспарын бекіту туралы болды. Мәселеге қатысты ОСК тәрагасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады. Баяндамаға сүйенсек толық сайлау шарасы 50 күн ішінде аяқталады. Шаралар тізбегі келесідей:

16.09.2023 – 05.10.2023 (20 күн) аралығында кандидаттық ұсынылады;

16.09.2023 – 10.10.2023 (25 күн) аралығында кандидаттар тіркеледі;

10.10.2023 – 04.11.2023 (24 күн) аралығында үгіт насыхат жүргеді;

04.11.2023 – 05.11.2023 (1 күн) тыныштық күні;

05.11.2023 дауыс беріледі;

05.11.2023 – 11.11.2023 (7 күн) аралығында сайлау қорытындысы анықталады.

Екінші мәселе аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдеріне кандидатқа қойылатын талаптар жайлы болды. Үміткерлерге қойылған талаптар тізбегі келесідей екен:

Сайланушы Қазақстан Республикасының 25 жастаң асқан азаматы болуы шарт. Сот шешімі бойынша бас бостандығынан айрылған азаматтар сайлауға қатыса алмайды.

(Соңы 2-бетте)



## ІССАПАР

Премьер-Министр Әлихан СМАЙЛОВ Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында «Каспий» су тұщыту зауытын жаңғыру және МАӘК-тің алдагы жылдыту маусымына дайындық жұмыстарымен танысты.



Премьер-Министрге «МАӘК» ЖШС-ның бас директоры Жасұлан Сүйіншалиев кәсіпорынның ағымдағы дайындығы және оны одан әрі жаңғыруту жоспарлары туралы баяндады. МАӘК – біртұтас энергетикалық және су өндіруші кешен, оның негізгі міндеті – Маңғыстау және Атырау (ішінде) облыстарын электр энергиясымен, ал, Ақтау қаласын жылу энергиясымен, ауызсұмен, ыстық және техникалық сұмен қамтамасыз етү. Мұндағы төтенеш жаңғыртуда алып келіп отырған негізгі құрал-жабдықтардың тозуы 80%-дан асады.

Биыл кәсіпорынның өз қаражаты есебінен турбоагрегаттарға, қазандық агрегаттарына және қосалқы жабдықтарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әбден тозыры жеткен құрлыларды ауыстыру ушин Маңғыстау облысы әкімдігінің резервінен 2,6 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша жаңа жабдықтар мен қосалқы бөлшектер сатып алуға ҚР Үкіметінің резервінен тағы 4,9 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта жабдықтарды жеткізулермен көлісімшарттар жасалды, олар осы жылдың қараша-желтоқсан айларында жеткізіледі.

Әлихан Смайловқа ЖЭО жаб-

Әлихан СМАЙЛОВ, ҚР Премьер-Министрі:

## «ХАЛЫҚ СУМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛУЫ ТИС»



дағы жабдықты ауыстыру комбинаттың техникалық жағдайлары жақсартылған, жұмыс қабілетін арттыруға мүмкіндік беретінін атап етті. Яғни, генерациялық қуат көздерінің өшіп қалуы және тұтынушылар үшін шектеулдердің енгізу сияқты тәуекелдер барынша азаяды.

«Облыс әкімдігі жөндеу жұмыстарының үақытылы аяқталуын бақылауды қамтамасыз ету қажет», – деді ол. Бұдан әрі Үкімет басшысына «Каспий» су тұщыту зауытын ЖШС директоры Нұрлайбай Аққұлов зауыт өнімділігін тәулігіне 40 мың текше метрге жеткізу жұмыстары туралы баяндауды.

Нысанды жаңғыртуға мемлекеттік бюджеттен 12 млрд теңгеден астам, ал Үкімет резервінен – қосымша 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, қазіргі таңда жоба бойынша құрылыш жұмыстары 90%-ға орындалды. Сондай-ақ, зауытта жаңа сорғы қоңырлары, суды алдын ала тазарту сүзгілері, суды минералданыруға арналған сүзгі-кондиционерлер, арапастыру камералары, электр желілері мен трансформаторлық қосалқы стансалар орнатылған.

Әлихан Смайлов Мұнайлы және Қаракия аудандарының елді мекендерін үшін ауызсұдан негізгі көзі дәл осы зауыт болып отырғанын атап етті. Қазір оның қуаты тәулігіне 20 мың текше метрге жеткізу 40 тоқсаны. Жалпы, қолданыстағы энергоблоктарды жаңартып салу есебінен генерация тұтастай алғанда 420 МВт-қа артады деп күтілуде.

Бұл ретте, екі су жылдың өсімін, сондай-ақ Каспий тенізінің жағалауында туристік кластердің дамуын ескеpte отырып, ауызын өндірісін үлғайту мәселеесі аса өзекті. Осыған байланысты Президент «Каспий» тұщыландыру зауытын тәулігіне 40 мың текше метрге дейін кеңеу жобасын іске асқыруды тапсырды. Үкімет тарапынан қажетті қаржылық қолдана көрсетілді. Облыс әкімдігінен осы жобаны жыл соңына дейін аяқтау қажеттігін тағы да еске саламын, жаңа жылдан бастап халық сұмен қажетті көлемде қамтамасыз етіліу тиіс», – деді Премьер-Министр.

Премьер-Министр апatty жағдай-

«Халықтың жыл сайының өсімін, сондай-ақ Каспий тенізінің жағалауында туристік кластердің дамуын ескеpte отырып, ауызын өндірісін үлғайту мәселеесі аса өзекті. Осыған байланысты Президент «Каспий» тұщыландыру зауытын тәулігіне 40 мың текше метрге дейін кеңеу жобасын іске асқыруды тапсырды. Үкімет тарапынан қажетті қаржылық қолдана көрсетілді. Облыс әкімдігінен осы жобаны жыл соңына дейін аяқтау қажеттігін тағы да еске саламын, жаңа жылдан бастап халық сұмен қажетті көлемде қамтамасыз етіліу тиіс», – деді Премьер-Министр.

## КӨКЖИЕК



## ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ БАЛАЛАРҒА ЕСІГІН АШТА

Маңғыстау облысына сапары барысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайлов Ақтау қаласының 17-шагында салынған жаңа Оқушылар сарайының жұмысымен танысты.

Жаңа нысан жақын арада өзінің алғашқы оқушыларын қабылдайды. Ол облыс орталығында, сондай-ақ жақын мандағы Мұнайлы және Тұпқараған аудандарында тұратын 5 мыңдан астам баланы тегін қосымша біліммен қамтұға мүмкіндік береді.

Мұнда көркем, ғылыми-техникалық және жалпы гуманитарлық бағыттағы үйірмелер, сондай-ақ спорт секциялары жұмыс істейтін болады. Оқушылар сарайында хор, оркестр және музикалық аспаптарда ойнауды үйрететін жеке сабактар қарастырылған, хореографиялық студия, авиамодельдеу бөлмелері, компьютерлік сыйнып, әмбебап спорт залы, спортық жүзу бойынша жаттығу бассейндері, йога және аэробика залдары бар. Сонымен қатар ғимаратта дизайн және бейнелеу өнері студиясы, қолөнер және ма-

териалдарды көркем өндөу шеберханалары, әдеби-драма студиясы, кітапхана, коворкинг-кеністік және IT технологиялар зертханасы бар. Оқушылар арасында шахматтың көнінен насиахаттау мақсатында гроссмейстер, шахматтан елем және Азия чемпионы Бибісара Асаубаевың шахмат шеберлігі мектебі ашылады.

Премьер-Министр Мемлекеттің басшысы өзінің сайлаудалы бағдарламасында балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін көтеру үшін кемінде 100 ірі нысан салуды тапсырғанын еске салды. Оқушылар сарайы – солардың бірі.

«Оқушылар сарайының ашылуы ай сайын балалардың үйірмелер мен секцияларға тегін баруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 165 маман жұмысқа орналасады», – деді Әлихан Смайлов.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

## ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ШАРАЛАРЫ ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДА

Ақтауда Қазақстанның және әлемнің басқа да елдерінің 300-ден астам туризмдік бизнес өкілдерінің қатысусымен туризмді дамыту жөніндегі халықаралық форум өтті.



Іс-шараға Шығу елдерінің министрлері, қаржылық қонақтар, әрі қазақстанның және шетелдік туроператорлар, әуе компаниялары желілерінің басшылары, сондай-ақ инвесторлар, халықаралық сарапшылар, дипломатиялық корпустар және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Премьер-Министр өз сөзінде мемлекеттің туризмді дамытуға, төл мәдениетіміз бен дәстүрлөрімізді насиҳаттауға үлкен мән беріп отырғанын атап етті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жылдық жаһиялаған халықа жолдаудың бүл салада серпінді жоғалардың іске асыруды тапсырды.

«Біз «зәкірлік» жобалар іске асырылатын мәңшізді 10 туристік аймақты анықтадық. Олардың бірі – Каспий тенізінің жағалауы. Бұл ғажайып фаянасы, көркем жағажайлары мен ежелгі көркіті жерлері бар ерекше мекен. Біз кез келген қонақ үшін барынша қолайлы

жағдай жасауға идеттіміз. Мемлекеттің де, жеке сектордың да күш-жігері осыған бағытталған», – деді Әлихан Смайлов.

Оның айттынша, туристік турлардың үйимдістірүші және биологиялық әрекеліктерін сақтау үшін инвесторлар қоршаган ортаға зиян келтірмейтін жаңа нысандар мен жобалар жасауда үлкен салада жеткізіледі.

«Мұндай күш-жігердің жарқын мысалы – Іле-Алатау, Шарын және Алтын-Емел сияқты орындарда визит-орталықтары мен эко-қонақтарлардың пайда болуы. Экологиялық тұрақтылық негіздерін басшылыққа ала отырып, біз туристердің санынан гөрі олардың саяхаттарының сапасын арттыруға көшу жолында жұмыс істеп жатырмыз», – деп атап етті Әлихан Смайлов.

Әлихан Смайловтың айттынша, Қазақстан халықаралық туристік нарықта бәсекеге түссе алатын бірегей турларды үсінін алады.

Мәселен, Ұлы Жібек жолы мен Каспий тенізі бойынша кешенді саяхаттар, Байқоңыр мен Бурабай, сондай-ақ Алматыдағы «4 маусым» туры сияқты жерлерге бару туристердің арасында қызығушылық тұдырады.

Премьер-Министр бүгінде Қазақстанда азаматтарды визасыз жүре алатын мемлекеттік саны 80-ге дейін артқанын еске салды. Сонымен қатар халықаралық аз қатынасының географиясы кеңейтіледі.

«Өткен жылдан бері мемлекеттік қолдау шаралары бойынша туризм нысандарын салу, тау шансының курорттарын дамыту және туризмдік автобустарды сатып алу жобалары қамтылды. Шетелдік туристерді тарту үшін мемлекет туроператорларда да субсидия береді. Сондай-ақ, ел ішінде саяхаттайтын Қазақстан азаматтардың үшін балалар әуе билеттері субсидияланаады», – деді Әлихан Смайлов.

Оның айттынша, соғын үш жылда салаға 4 млрд АҚШ доллары қолемінде инвестиция тартылып, 400-ден астам туризмдік нысан салынды. Республикада Hilton, Marriott, Wyndham, Accor және т.б. 20-дан астам тауымал халықаралық қонақ үй желілері есігін айқарап көлемдегі танымал ету жұмыстарын күшейтіледі.

«Біз шетелдің және отандық инвесторларды Қазақстанның туризм саласын ел Үкіметінің қолдауымен үзак мерзімде инвестиция салу мүмкіндігі ретінде қарастыруға шақырамыз», – деді Әлихан Смайлов.

Сонымен қатар, Үкімет басшысы отандық туризмнің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру аясында Қазақстанның шетелдегі имиджін көтеру бойынша ведомствоаралық үйлестірүші жұмыстарын күшейтіп маңызды екенін атап етті. Осыған байланысты елдін туризмдік брендін әзірлеп, халықаралық ақпарат кеңістігінде танымал ету жұмыстарын күшейтіледі.

Визалық және көші-қон режимін одан әрі жетілдірүші жөнінде шаралар қабылдауда, виза алу рәсімдері мен әуежайларда бақылаудан өттіді де женелдейту қажет екенін айтты Премьер-Министр.

Сонымен қатар, инвестициялық белсен-

ділікті арттыру үшін туризм жобаларына жөнелдікпен несие беру мерзімдерін ұзартуды пысықтау және туризм нысандарына инфрақұрылым жүргізу бойынша мемлекеттік қолдау шараларын күшейту талап етіледі.

«Тұрлі туристік бағыттардың инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үлкен маңызға ие екенін көріп отырыз. Бұл туралы бизнес тарапы да үйдің көтеріп келеді. Біз бұл мәселелерде республикалық деңгейде де, жергілік деңгейде де қолдауды арттыруға идеттіміз», – дей көле Үкімет басшысы жол бойындағы сервистік нысандарды пайдалану сапасы туралы мәселелерді шешіп, агротуризмді дамыту шараларын әзірлеу қажеттігін баса айтты. Сонымен қатар, «Ауыл тұрғындары, шаруалар мен бағандар өз шарашылықтарында туристерді қабылдауда арқыла қосымша табыс таба алады. Ол үшін біз заңнамаға тиісті өзгерістер енгізіміз көрек. Community based tourism – әлемдік тренд, одан қалыс қалмау көрек», – деді.

Туризм және спорт индустриясын

ПӘРМЕН

# ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛК КУШЕЙДІ

2023 жылдың 10 шілдесінде қабылданған «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң, 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енді.

Осы заң Қазақстан аумағында жұмыс істейтін онлайн-платформаларға байланысты қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ ел аумағында онлайн-жарнаманы жасау, орналастыру, тарату және сақтау процесінде туындытын қоғамдық қатынастарды реттейді. Мақсат онлайн-платформалардың жұмыс істейтін, сондай-ақ онлайн-жарнаманы жасаудың, орналастырудың, таратудың және сақтаудың, құқыққа қайшы контентті болғызбаудың және оның жоғын кесудің құқықтық негіздерін айқында.

Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнаманы бұзы Қазақстан заңдарында белгіленген жауаптылық алғы келеді.

Заң қабылданған кезде ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне 456-бабы 2-белгігіне «Жалған ақпарат орналастыру, тарату» тәртібі енгізілген. Аталған бап бойынша онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қоғамдық тәртіптін, азаматтардың немесе үйимдардың құқықтары мен занды мұдделерінін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалытын мұдделерінін бұзылуына жағдай жасайтын жалған ақпаратты орналастыру, тарату, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – жеке тұлғаларға – 20 АЕК, шағын қәсіпкерлік субъектілеріне – 30 АЕК, орта қәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК, ірі қәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға алғы келеді.

Айтылғандай айыппул соммасы 20 мен 250 айлық есептік көрсеткіш аралығында. Бүгінгі күні 20 АЕК – 69 000 тенге, ал 250 АЕК – 862 500 тенгегін құрайды.

Осылан байланысты пайдаланушылар онлайн-платформа және онлайн-жарнама туралы заңнаманы сақтауға; орналастырылатын, таратылатын контенттің анықтығын тексеруге; жалған ақпаратты орналастырмаға, таратпауға; құқыққа қайшы контентті орналастырмаға, таратпауға; жалған ақпарат, құқыққа қайшы контентті орналастырыған, таратылған жағдайда оларды жоюға Қазақстанның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға.

Онлайн-платформалардың меншік иелері және заңды өкілдері онлайн-платформаның қызметін Қазақстан аумағында заңмен белгіленген талаптардың сақтамаған жағдайда, үекілді органды (Мәдениет және ақпарат министрлігі) олардың Қазақстан аумағындағы қызметін заңға сәйкес шектеуге құқылы. Қашанда жауапкершілікті сезініп, заңнама талаптарын сақтайық.

**А.ТЕБЕРИКОВА,  
Тасқала аудандық  
сотының төрағасы**  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

(Соны. Басы 1-бетте)

«Ай мүйізді ақ серке» деген сөз бар. Мүйіз айдың бейнесі, белгісі. Ал ай дегенін түннің нышаны. Түнді «ің», күндізді «тәнір» дейді ата-бабамыз. Міне, осылардың тайталасынан жарықтың түнектен мол болуын қамтитын ежелгі ғұрып бойынша серкені бауыздан, әуелі Қоқтің жыртысы, парасы есебінде терісін тартқан. Монголиядағы қа-зақтар көкпарда елі күнге дейін тери тартады. Бұл – соның өшпей келе жатқан ғұрыпты екендігінің жұрнағы. Оны көң серкенің терісі деген аспеттейді. Аспаның ғөлшегі, несібесі деген ұғымды білдіріп тұр. Соңдықтан әуелде теріге, бертін келе серкеге таласты. Сейтіп көкпар ғұрыпты ойын болып кетті. «Пар» деген белгілі бір нәрсениң ғөлшегі, бөлігі дегендегі білдіреді, кейін ол адамзатқа ортақ болып, партия, пара деген сөздер пайда болды. Осылайша «көкпар» сөзі елі күнге дейін біздің тілде бұзылмай келе жатыр. Соны қырғыз ағайындар «көкбөрі» деген сөз дейді. Түркілер көкберіге табынған болса, оны көкпар етіп тартып, таласа ма? Олай қорламас еді ғой. Мұның бәрі танымды тәрк ету. Өкінішке қарай, мұндай бұрмалауға төтеп беретін сұрақтар бізде қойылмайды. Ғылыми конференциялар ұйымдастырылмайды.

Қазір көкпар спортқа айналған алмай жатыр. Оны ұлттық ойыннан шығарысы келмейді. Серкені бауыздаудан басқа ештеңені білмейді. Серкемен ойнасан, тағы да қайталап айтам, ол ойын, спорт емес. Спорт болу үшін серке салмағының стандартары болу керек. Ойында оның ешқайсысы болмайды. Ойында бір ғана ереже болады. Ақсақал бата береді де, ал бастаңдар дейді. Ойынға бала да, шаға да кіріп кетеді. Салмағына да, жасына да қарамайды. Спортын олай емес. Спортындағы қатал тәртіп пен талап бар. Ол адамзаттың құндылық болып келеді. Ал енді кекпарат сияқты ұлы құндылығынызды неге адамзатқа паш етіп, белісіп, өзгелерге таратпасқа. Бірақ біз оны бауырымызға қысып алып, айрырылғымыз келмейді. Ұның себебі – біздің этностық ойлаудан, тайпалық, рулық ойлаудан шыға алмай отырмыз. Қырғыздар өзіне, қазақтар өзіне тартады. Қазақ мәдениетін біз адамзатпен белісе алмай жатырмыз. Еуропа бауыздалған серкені тартපайды. Жануарды қорлау деген еспеттейді. Өйткені, оларда басқа мәдениет. Соңдықтан серкенің орнына басқа нәрсе тартып, көкпарға неге спорт сипатын бермеске?! Ал ойын ретінде серке бауыздан тарта беруге болады, бірақ ол спорт болмайды. Кекпарат қырғыздар өз алдына, казак өз алдына бөлек ереже жасап алды. Қазак қазір оны шенберге ойнайды, қырғыздар тайқазан атап казан орнатып ойнайды. Оған ойын кезінде ат-матымен құлап, мертігіп жатыр. Ол спорт емес. Спортын қауіпсіздік талабы бар. Осылайша бір ойынды екіге бөліп алдык.

**– Қазақ мәдениеті мен өнерін ғылыми тұрғыдан зерттеу елімізде қашалықты жолға қойылған?**

– Мен мысалы, Наурыз мерекесін 20 жыл бойы зерттеп, елі тауыса алмай келемін. Басқа салаларды мәдени таным ретінде зерттеп жатқандар аз. Ұлттық тағамдарды зерттеп Әйгерім Мұсагажинова деген бір қыз жүргіріп жүр. Жасғалымдар жағынан басқа ешкімді байқамады.

Осы жерде бір маңызды мәселеңін айта кетейін. Ұлттық ойын мен ұлттық спорттың айырмасы бар

Серік ЕРҒАЛИ, мәдениеттанушы:

# ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТИ МЕН ӨНЕРІ ЖЕТКІЛІКТІ ЗЕРТЕЛМЕЙ ЖАТЫР

ма? Мәселен, көкпарда серкені бауыздан кез келген адам ойнаса – ол ойын. Ал енді ол адамзатқа айналатын құндылық болса, спортқа айналса – онда ол ойындық сипаттан ажырайды. Спорт көкпарда басқа халықтар серке бауыздан оны ойнамайды. Серкенің орнына басқа бір атрибут керек. Соған біз өзіміздің дайындағы алмай жатырмыз. Яғни, ұлттық ойындарды спортың рельсіне қоя алмай жатырмыз. Себебі, біз ойын мен спортты ажыратпа алмай отырмыз. Ойынды спортқа айналдыратын болсан, ол ұлттық болудан қалады, аясы кеңін адамзаттық сипат аллады. Оны қазақтікі дей алмайсың. Соған біз дайын болуымыз керек. Дзюдоның түбі жапондық болғанымен, қазір адамзаттық. Жапондар соған дайындағап әлемге ұсынды. Ал біз көкпарды өз дәстүрімізден шығарғымыз жок. Біздікі деп бауырымызға басып, айрылмай отырмыз.

Ұлттық аспалтарды Болат Сарыбаев ағамыз кезінде біраз зерттеді. Оларды ұлттық ансамбльдерге, оркестрлерге енгізді. Қазір соны кім зерттеп жатыр? Кім қалына келтіріп жатыр? Білмеймін, ондай ешкімді таба алмаймын.

Ұлттық тағам да сол секілді. Мысалы біздің бас тағамының «бешбармақ» аталып кетті. Ондай атау, тіркесі бар ма еді қазақта? Бас бармак, бек саусақ, деген ғана бар.

**– Біздің бас тағамының неге «бешбармақ» аталып кетті?**

– Патшалық Ресейдің тілмаштарының айтуымен солай аталып кетті. Оны да ешкім зерттеп жатқан жок. Бұл тақырыпты біршама зерттеді. Оның ежелгі атауы – ас. Ол біздің «ас беру» деген ғұрыпымызға байланысты аталауды. Аста құрбаныққа шалынған мальцын етіне белгілі бір тілек, бата беріліп, дұға оқылған, одан ауыз тиіледі. Бертін келе мал садақа мен нан садақадан біріккен тағам пайда болды. Бұрын сорпа мен қымызбен өңкей ет желинсе, енді шелек сияқты нан садақаны алды да, сорпаға салып пісіріп, жайма шығарды да, оған дәмдеуіштер кости. Енді ол «ас» емес, «асамық» болып кетті. «Асамық» деген асап жайтады да, тағамын XIX ғасырда пайда болды. Оған дейін ол ритуалдық ас болатын. Асты мүше күйінде тартады.



**зактың төл дүниесі деп нең ұсынуға болады?**

– Ол әдебиет, өнер, сурет, спорт салаларында ете көп. Онымен отырып жұмыс жасау керек. Оған Мәдениет және спорт министрлігі бас болып, фалымдарды қатыстыру қажет. Бәрін саралап, саралап, дұрыстап жазып, соын ЮНЕСКО-ға ұсынуға болады. Ең дұрысы, түрк мемлекеттері бірігіп, өзінің түркілік ЮНЕСКО-сын құрып, жұмыс жасаған жөн. Ондай үйім негізінде бар. Түрк мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту жөніндегі халықаралық үйім (TURPKO) деген аталауды. Бірақ соның жылдарды оның да не істеп жатқаны білінбейді.

Бізде материалдық емес мұра ете көп. Ішіп-жемнен бастап, киімге дейін. Тіпті, әрбір оюдың өзі материалдық емес игілік. Оның өзінің бірнеше мыңжылдық тарихы бар. Бәрі сол тізімге кіре алады. Қазір ою-өрнектерді әркім әртүрлі жерде қолданып жатыр. Стандартқа сәйкестендірілген, яғни біртұтастандырылған. Соңдықтан мәселенің қызырлы органдарға қою керек. Қандай жәдігерлер бар дегендей. Оның

**С**портында өте қатал тәртіп пен талап бар. Ол адамзаттық, құндылық болып келеді. Ал енді көкпар сияқты ұлы құндылығынызды неге адамзатқа паш етіп, бөлісіп, өзгелерге таратпасқа. Бірақ, біз оны бауырымызыңда қысып алып, айырылғымыз келмейді. Ұның себебі – біздің этностық, ойлаудан, тайпалық, рулық ойлаудан шыға алмай отырмыз.

Берелді қазған археолог Зейнолла Самашев ағамыз астаудағы етті тапты. Бұзылмай, мұз бол қатқан күйінде сақталған. Ол сақ, скифдәүірінің ар жағынан келе жатыр. Ол кезде оның қалай аталағанын біз қазір білмейміз. Бізге «ас беру» деген тіркес арқылы «ас» деп жетті. «Ас» аспан деген сөздің түбірі. Ол тек тамаққа қатысты емес. Ас немесе аш сөздерінен «ашамай» деген үйім пайда болды. «Ашамай» деген қазіргі крест. Ас пен ашамай немесе үмай, жер ана деген сөз. Көлденен тұрған сыйық жерді, тігінен тұрған сыйық көкті білдіреді. Екеуін қосқанда «ашамай», яғни крест шығады. Оның бірнеше фасырлық тарихы бар. «Ашамай» дегенде тек 4-7 жасқа толған баланы атқа мінгізerde ба-лаға арналған ер деп үғып жүрміз. Ол – ер емес, ашамай тіріді ғұрыпқа арналған атрибут қана. Оның ар жағында көп пен жер деген үйім тұр. Бұл Түркі қағанатынан, тіпті оның ар жағынан келе жатыр. Біз көп пен жердің ортасында жарылған халықпаз дейді. Көк пен жер деген ата мен ананы айтып тұр. Түркілер әу бастан көп пен жердің үйім пайда болып келеді. Содан таңба шығарып, «ашамай» атаған.

**– ЮНЕСКО-ның мәдени және материалдық мұра тізіміне қаралып келді?**

– Әрине. Бірақ айтыстың өзі зерттелмей жатыр. Айтыскерлердің ақын емес, жырау. Себебі, айтысқа сұрыптың салу өнері қатысады. Ал ақындар сұрыптың салмайды. Ақындар сағаттап, күнделеп ойланып барып, поэзиялық туындысын шығаруы мүмкін. Жыр бұрынның бар нәрсені жаңаңырып шығаруы, болмаса ойда жоқ жерде сұрыптың салынып айтылуы мүмкін. Жыраулардың сайсызы «айтыс» деген аталауды. Айтыскерлер негізінде жыраулар. 2000 жылдан бері қарай

ғана айтыскер деп айтылып жүр. Ол менің «Айтыс өнерін жаңаша ұйымдастыру» деген аталаудың тұжырымдама жасап, авторлық патент алғы, айтысты тікелей әфирден бे-руге 10 критериден тұратын бағалауды кірістіріп, айтысатын адамды айтыскер деп атауымнан басталды. Оған дейін айтыскер деген термин көң колданысқа кірмеген еді. Айтыскер ақын болуы мүмкін, ал ақын айтыскер бола бермейді. Қадыр Мырза-Әлі, Мұқағали, Әбділда Тәжібаевтар айтысқан жоқ. Бірақ та, бұл айтыскер ақын бола алмайды, ақын айтыскер бола алмайды деген сөз емес. Екеуін ажыратып, өз алдына зерттеп, критерийлерін ашып, содан кейін барып адамзатқа ұсынуызы керек. Біз елі өзіміз таныған жоқпаз бұл дүниені. Өзіміз танымағаннан кейін басқалар тани алмайды. Бүкіл сала бойынша руханиятқа, мәдениетке қатысты материалдық емес мұраға қатысты нәрсениң барлығына нағылыми-зерттеу болу керек. Оны елі тиңянақты түрде бастаған жоқпаз.

**– Тоғызқұмалақты да зертте-генінде естіген едік?**

– Түркі академиясында жүргенде тоғызқұмалақты зерттеді. Магистрлік диссертация коргадым. Тоғызқұмалақтың атының өзі дұрыс емес. Қазақтар «тоғызқұмалақ» дейді. Қыргыздар «тоғызқұмалақ» дейді. Оны бүкіл адамзатқа қандай атаумен ұсынамыз деген нәрсे әлі шешілген жоқ. Оны 1874 жылғы Григорий Загряжский деген патшалық Ресейдің шенеунігі ері этнографияны зерттеушісі «тоғызат» деген атаумен жазып кеткен. Қазақтар көшермендік өмір үлгісінән ажырамаған кезде оны «тоғызат» деген атады. Отырышы өмірінен көшкен соң, асіресе онтүстіктері қазақтар тоғызқұмалақ деді. Ал ондағы тоғыз атаудың атаудың барлығы жылғыға, атқа байланысты атаудардың тұрады. Мәселен, жүрісті кешу дейді. Соңдықтан тоғызқұмалақ емес, тоғызат деген атасақ бүкіл түркілерге ортақ атауды. Қазір қырғыз бен қазақ өз елінде тоғызқұмалақтан жарыс өткізе, әрқайсысы өзінше атайды. Шетелдік ойыншалар ойынды не деп атарын білмейді. Ал ойын ортақ, ерекшелік де ортақ, бас екінде екі түрлі.

**– Қазақ мәдениетін әлемге таныту, ғылыми айналымға түсіру жайындағы ой-пікірің-бен де боліссеніз?**

– Бізде ол үшін құрылған органдар ете көп. Мәдениеттің және спорт министрлігі, өнертану университеттері, институттар, ғылыми орталықтар бар. Егер қазақ мәдениетін әлемге танытамыз десек, барлығы мемлекеттің қойған ақын мақсатына бағынпіп, бірігіп жұмыс жасауы керек. Әрбір мұраны зерттеуге жеке гранттар бөлініп келеді. Бізде ұлттық мәдениетті насиҳаттауда үйімдас-тыру жағы әлсіз. Наурыз мерекесін зерттеп, оның заманауи келбетін дайындағаныма бірнеше жыл болды. Алайда оны әлі өмірге енгізе алмай отырмыз. Наурыз мерекесі қазір бізде дұрыс мерекеленбейді, атриуттары қалыптастырылған жоқ, ғұрыппардың әрпіл-тәрпіл. 2013 жылы 9 күн бойы мерекеленіп, жүйеленген түрде ұсындық. Одан ері оны Мәдениет министрлігі алғы кетуі керек еді, оны мереке емес насиҳат тетігінде көліп келеді. Наурыз да азamatтық мереке дәрежесінә көтеріле алмай, этнографиялық еске алу күні болумен шектелді.

**– Мазм**

## ПІКІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауы көшпілікті бейжай қалдырымай, қогамдық үйім өкілдері стратегиялық маңызды құжатқа орай үн қосуда. Батыс Қазақстан облысындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының филиалындағы Аналар кеңесінің тәрйимі Күрманалина Шалқыма Хайлорлақзызы жолдауга байланысты лебізін жеткізген белсенді жанның, бірі.

## «ЕҢ БАСТЫСЫ – ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ӨЗГЕРТУ»

Жаңа мүмкіндіктеге жол ашатын жолдау ел дамуының басым бағыттары мен алдағы мақсат-міндеттерді нақты айқынап, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, жаңа экономикалық үлгіге әділдік, инклузивтік және үнемшілдік бағдарына негізделгені, еліміздегі экономикалық саясаттың жаңа моделін қалыптасыруға басымдық бергені көптің көnlінен шықты деп ойлаймын.

Шындығында, әділетті Қазақстандың құрамыз десек, ен бастысы, қоғамдық сана мен азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Қазақтың құдайдан тілейтін бір тілегі бар: «Е, Құдайым, бала бер, бала берсөн – сана бер, сана бермесен – ала бер», – дейді. Ендеше, үрпақтың санаасымен жұмыс жасау керек. Әрбір отбасында үрпак ен жақсы қасиеттерді, еңбеккөр, тәртіпті, адаптациялық қасиетке айналары анық. Үрпағымыз ойы, сөзі мен ісі бір жер-

ден шығатын адаптациялық болуда отбасында алған тәрбиенің маңызы зор. Әділетті Қазақстан және Адал азамат үйімдары – егіз құндылық, адаптациялық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды. Адал азамат және тұғырлылық тұлға болудың негізі отбасында бала кезден қалыптасады. Соңдықтан Аналар кеңесі – отбасында жас үрпақтың зорлық-зомбылықсыз, қауіпсіз ері аланыз өмір суруін, өскелен үрпақтың психикалық саулығын қадағалауы тиіс. Президенттің білім сапасын арттыру жөніндегі бастамалары бізді ерекше қуантты. Жолдауда көрсетілген тапсырмалар онтايлы жүзеге асса, елдегі жұмыссыздық азаяды, ал жоғары кәсіби шеберлігі бар жастар саны сезіз артады. Сонымен қатар, Ассамблеяның Аналар кеңесі балаларға берілетін білімнің қолжетімді әрі сапалы болуын қамтамасыз етудің маңыздылығы мен деңсаулық сақтау саласын дамыту, отбасылық-демографиялық жағдайға және балалар-



дун құқығы мен қауіпсіздігі мәселелеріне алаңдаушылық білдіреді.

Мемлекет басшысы көмеге толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түрінде қатысты жазаны, білім беру мекемелеріндегі психологиялық колдау қызметтін институционалды турде қүштігі талап етті. Ол үшін бірыңғай сенім телефонын үйімдастырып, зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірленуі керек. Соңдай-ақ, қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқаудың көю қажет. Заң үстемдігі қамтамасыз етілмегендіктен қоғамда ұдайы келенсіз оқиғалар болып жатады. Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір отағасы мен отаналарының тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігінен болатын неше түрлі тұрмыстық жанжалдарды жасыра алмаймыз. Соңдықтан заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, мәдениетті, білімді, ғылыми дамыту арқылы қоғамдық санааны, жастардың ниетін өзгертуге атсалысумыз қажет деп ойлаймын.

## МӘРЕ

## ЖАЙЫҚТЫҢ БОЙЫНДАФЫ ДУБІРЛІ ДОДА



тық «Бәйге» федерациясының бас болуымен етіп келе жатқанын атап еткен абзал. Бұған дейін «Жайық жүйрігі» еki мәрте Ақсай қаласында еткен болатын. Қала күніне орай еткізілген биылды дода – «Жайық жүйрігі – 2023» атты бәйге түрлерінен БҚО ашық чемпионаты өнірдің үлттық спорты тарихында қалары анық.

Айға жуық үақыт бойы бірлесе жасалған жұмыс нәтижесін берді, айшылық алыс жерлерден тұлпапын байгеле қосам деп келген ағайынға бек рақмет! Айтулы мерекеде, атаулы шарада қолғабыс болып, жұмыла іс жасаған барша бауырға, үлт спортының басы-қасында жүрген жанашыр жігіттерге, әділ қазылық еткен көрермен халықта мың алғыс! Тұлпарларымыздың тұяғы сурінбесін! Батыс атбейлері бәйгелі бола берсін! – деді бәйгеден соң ойымен бөлісken Орал қалалық Дене шынықтыру және спорт бөлімнің басшысы Армат Исанов.



Қылқұрықты Қамбар ата тұлғін үлттың құндылығы деп үлкіншілік қазақ жылды десе ішер асын жерге қоятыны жа-сырын емес. Ер қанатына балаған тұлпарлар тұяғының дүбіре Жайық бойын жайлаган елді дүр сілкіндірді.

Орал қаласының күнін мерекелуе аясында бастытың бас бәйге тойы – «Жайық жүйрігі» ашық чемпионаты етті.

Зашаған кенті аумағындағы «Бортау» атшабар алаңында үйімдасырылған байгеле Ақтөбе, Атырау, Манғыстау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарынан және Ресей Федерациясынан 130-дан астам шабандоз қатысып, бақынады.

Құлағын қайшылап, жер тар-пынан тұлпарларды тізгіндеңген шабандоздар әртүрлі қашықтықтағы тай жарысы, құнан жарысы, аламан және ұлы аламан бәйгеде 14 450 000 теңге көлеміндегі жалпы жүлдеңкорын сарапқа салды.

Топырақтың төңкеріп, қара жерді қайыстырып шауып келе жатқан тарлан жануарларды күтіп, дөлебесі қозып, дүбірге қиы қосқан көрерменнің қатары қалың. Бәйгенді ал-

дын бүйіртпен жеткен жүйріктер де анықталды. Тай жарысында бәйгени теректілік Мейрам Шақановтың (шабандозы Саян) «Нұртөбелі» жөніп алды. Ал 12 шақырымдық құнан бәйгеде Талғат Бисембетів (шабандозы Мәді) «Назқүрен» арғымағы бірінші бол келді. 21 шақырымдық аламан бәйгеле қорытындысында Маңыстау облысынан келген Тұрлан Әдідің тұлпары оза шауып, бас жүлдеге ие болды. Ал ұлы аламанда теректілік Болат Жанақбаевтың (шабандозы Саян) «Сильвия» атты жүйрігі бас бәйгени қанжығыра байлады.

Осылымен тертінші мәрте еткізілген «Жайық жүйрігі» бәйгеле түрлерінен БҚО ашық чемпионаты өз мәресінен жетті.

«Өнірдің басты бәйгесі төрт жыл қатарынан Батыс Қазақстан облыс-

тың «Бәйге» федерациясының бас болуымен етіп келе жатқанын атап еткен абзал. Бұған дейін «Жайық жүйрігі» еки мәрте Ақсай қаласында еткен болатын. Қала күніне орай еткізілген биылды дода – «Жайық жүйрігі – 2023» атты бәйге түрлерінен БҚО ашық чемпионаты өнірдің үлттық спорты тарихында қалары анық.

Осылымен тертінші мәрте еткізілген «Жайық жүйрігі» бәйгеле түрлерінен БҚО ашық чемпионаты өз мәресінен жетті.

Гала-концерт соңында отшашу үйімдастырылды.

Бетті дайындаған Айгүл АХМЕТОВА, «Зан газеті»

## АЙМАҚ

## ШАРА

## КУШТИ ҮРПАҚ ОТБАСЫНДА ҚАЛЬПТАСАДЫ

Орал қаласы Достық үйінде «Күшті ұлт отбасында қалыптасады» атты полиция қызметкерлерінің отбасыла-рына арналған іс-шара үйімдастырылды. Шараға қогам тыныштығын сақтау жолында үақытпен санаспай еңбек етіп, темірдей тәртіпке бағынған полиция қызметкері мен отбасын құрып, шаңырағының берекесін кіргізіп отырган жүбайлары мен балалары шақырылды.



Тақырыптық кездесудің басты мақсаты отбасылық құндылықтарды бағалауға және некенің он имиджін қалыптастыруға, отбасы мәртебесін көтеруге, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етуге бағытталған.

Шараға БҚО полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнігі Нұрмахан Жалғасов, департаменттің кадр саясаты басқармасының бастығы, полиция полковнігі Қадыржан Сағын, БҚО әкімдігі ҚДБ «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары Айгүл Туркина, қолөнер дәріптеуши, қамшы жасау шебері, педагог, са-

рапшы Ринат Надырғожин, ҚР мәдениеттің қырататері, Композиторлар одағының мүшесі Әділбек Сүлейменов және ішкі істер органдарының ардагері, отставқадағы полиция подполковнігі Сергей Мановицкий қатысты.

Тағылымды шараның соңында әрпітестері арасында еңбегімен сый-құрметке бөлеккен полицейлердің отбасылары мерекеге орай алғыс хаттармен мараптатталды.

**Гүлбақша ФАБДУЛЛИНА,**  
**БҚО әкімі ҚДБ**  
**«Қоғамдық келісім»**  
**КММ аға кеңесші**

## ТАҒЫЛЫМ

## «БӘЙГЕ» – ЖАС ШАБАНДОЗДАР МЕКТЕБІ



Ұлттық дәстүр – тәрбиенің қайнар көзі. Ұлттық тәрбие – өркениетті қогам құрудың негізгі құралы. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттық тірері. «Жайық жүйрігі – 2023» ала-маны аясында жас үрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелу мақсатында Орал қаласына жapsарлас жатқан Құс фабрикасы ықшамауданында орналасқан «Саба» этно-кешенінде облыстық ұлттық спорт мектебінің «Бәйге» болімі ашылды.

Белгілі атбейі Ақылбек Ишановтың ат спортын дамытуға улес косып, ата-аналардан да, биліктен де қаржы алмай, ерікті түрде қала балаларын атқауылар жүргені тұралы, талай мәрте айттылып та, жазылып та жүр. Бүгінде Ақылбектің шабандоздары тек облыс көлемінде фана емес, республикалық, халықаралық деңгейде атбельгелерге қатысып, жүлделі болып жүр. Биыл Елорда кубогіндегі Боранбай Абдурахман, Башқортстандағы Бәйгеде Миразат Айсұлтан жүлдегер атанды.

«Ауылда атқа міндетін бала азайып барады дегенді естіп жүрміз.

Тіпті, ауыл атбейлерінің жүйріктеріне отырғызытын бала таптай, қалалық шабандоздар шауып жүрген жайттар бар. Осы мақсатта үйімдастырылған жүйелі жұмысымызды көрген енірі басшылығындағы азаматтар қолдау қажеттігін түсінді. Сөйтіп, ұлттық спорт мектебінің жаңынан «Бәйге» болімі ашылатын болды. Мұндағы 25 балалан белгілі атбейі, жаттықтырушы Ақылбек Иманов пен атқұмар арнуры Әйгерім Ғұмарова жаттықтырушы болады. Шабандоздар атпасына төрт рет жаттығады», – дейді «Саба» этно-кешенінің баспасөз жатшысы Ақмөншақ Мақсатқызы.



